



**Евразия**  
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ЕҢБЕК ИММИГРАНТТАРЫН АУРУ ЖАҒДАЙЫНА ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ  
ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА БАЯНДАЛҒАН)**

## **МАЗМҰНЫ:**

- 1-бап. Жалпы ережелер мен ұғымдар
- 2-бап. Сақтандыру объектісі
- 3-бап. Сақтандыру жағдайлары, сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу
- 4-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі
- 5-бап. Сақтандыру сыйлықақысы, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері
- 6-бап. Сақтанушы сақтандыру шартын жасасу кезінде ұсынатын мәліметтер. Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалау құқығы
- 7-бап. Сақтандыру шартын жасасу және рәсімдеу тәртібі
- 8-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі және орны
- 9-бап. Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру жағдайы туындаған кездегі әрекеттері. Сақтандырылған тұлғаға медициналық қызметтер көрсету тәртібі. Сақтандыру жағдайының туындауын және залал мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі
- 10-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
- 11-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері
- 12-бап. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі
- 13-бап. Сақтандыру шартын тоқтату шарттары
- 14-бап. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор)
- 15-бап. Қосымша шарттар
- 16-бап. Дауларды шешу тәртібі

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ҰҒЫМДАР**

1.1. «Еуразия» СК» АҚ (бұдан әрі – Ережелер/Сақтандыру ережелері) осы еңбек иммигранттарын ауру жағдайына ерікті сақтандыру ережелерінің талаптарында (бұдан әрі – «Сақтандырушы» деп аталады) Сақтанушыны осы Сақтандыру ережелеріне қосу және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы – Ережелерге №1 қосымша (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт/Сақтандыру шарты) еңбек иммигранттарын ауру жағдайына ерікті сақтандыру шарттарын жасасады.

1.2. Сақтандыру шарттары заңды тұлғалармен және әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен жасалады, олар бұдан әрі «Сақтанушы» деп аталады.

1.3. Осы Сақтандыру ережелерінде қолданылатын негізгі ұғымдар мынаны білдіреді:

- 1) Пайда алушы – сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Пайда алушы Сақтандырылған тұлға болып табылады;
- 2) Сақтандырылған тұлға – сақтандыру жүзеге асырылатын және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жеке тұлға. Бір Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) бойынша тек бір ғана Сақтандырылған тұлға сақтандырылуы мүмкін;
- 3) Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді;
- 4) Шұғыл медициналық көмек көрсетуді талап ететін патологиялық жағдайлар мен симптомдар:
  - жарақаттар;
  - кез келген локализациядағы ауырсынулар;
  - жаралар;
  - шығулар;
  - күйіктер;
  - электр тоғымен және найзағаймен зақымдану;
  - ми шайқалуы және соғылуы;
  - үсік шалу;
  - жылу және күн соққылары;
  - барлық түрдегі асфиксия;
  - суға кету;



- тыныс алу жолдарына бөгде денелердің түсуі;
  - уланулар;
  - улы жыландар мен жәндіктердің шағуы;
  - кенеттен есінен тану;
  - жүрек-қантамыр қызметінің жедел бұзылуы (кенеттен пайда болған ауырсыну немесе жүрек ырғағының бұзылуы);
  - тыныс алу мүшелерінің бұзылыстары – еңтігу, тұншығу;
  - салдану, құрысу ұстамалары;
  - қан құсу, құсу және тағамнан улану;
- 5) Сақтандыру қорғанысының кезеңі – сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын сәттен бастап, Шартта белгіленген сақтандыру қорғанысы кезеңі аяқталған күнге дейін мұндай міндет тоқтатылатын уақыт кезеңі;
- 6) Сақтандыру төлемі – Шартта белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға төлейтін ақша сомасы. Сақтандыру төлемі Пайда алушыға көрсетілген медициналық қызметтердің құнын өтеу нысанында жүзеге асырылады;
- 7) Сақтандыру жағдайы – Шартта көрсетілген, оның туындауы нәтижесінде Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын оқиға;
- 8) КЖ және ТҚ – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру.

1.4. Сақтандыру қорғанысы Сақтандырылған тұлғаға осы Сақтандыру ережелерінде көзделген медициналық қызметтердің тізбесіне және олардың құны лимитіне сәйкес ұсынылады.

## **2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ**

2.1. Сақтандыру объектісі болып Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайы туындауы нәтижесінде медициналық ұйымдарда алынған шығыстарын өтеумен байланысты мүлтік мүдделері танылады.

## **3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ, САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ**

3.1. Сақтандыру қорғанысы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға осы Ережелерде белгіленген медициналық қызметтердің тізбесіне сәйкес ұсынылады.

3.2. Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру ережелерінде көзделмеген медициналық көмекке жүгінуі сақтандыру жағдайы болып табылмайды және осы Ережелерге сәйкес сақтандырумен қамтылмайды.

3.3. Егер Сақтандырылған тұлғаға қатысты сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі бір күнтізбелік жылдан (үш жүз алпыс бес тәулік) аз белгіленсе, медициналық көмектің көлемі сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзіміне пропорционалды түрде азайтылады.

3.4. Сақтандыру жағдайы болып Сақтандырылған тұлғаның шұғыл медициналық көмек көрсетуді талап ететін патологиялық жағдайлар мен симптомдар туындаған кезде медициналық қызметтер алуының негізді қажеттілігі танылады.

3.5. Келесі жағдайларда Сақтандырылған тұлғаның медициналық көмек алу үшін жүгінуі сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

3.5.1. келесі аурулар бойынша:

- 1) туберкулез, саркоидоз, полиомиелит және олардың салдары, клиникалық нысаны мен үдеріс кезеңіне қарамастан;
- 2) венериялық аурулар және жыныстық жолмен берілетін барлық аурулар;
- 3) климактериялық синдром, оның ішінде климакспен байланысты патологиялық көріністер (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: миокардиодистрофия, остеопороз және т.б.);
- 4) жабысқақ ауру, өмірге қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда;
- 5) АИТВ-инфекциясы; расталған иммун тапшылығы жағдайлары, кеңейтілген иммунодиагностика;



- 6) микоздар, псориаз, нейродермит, алопеция, туа біткен және жүре пайда болған ихтиоз, витилиго, безеу және тері жамылғысының өзге де аурулары;
- 7) дәнекер тінінің жүйелі зақымданулары, аутоиммундық аурулар, ревматикалық аурулар;
- 8) туа біткен және жүре пайда болған аномалиялар мен даму ақаулары, оның ішінде мұрын қалқасының қисаюын косметологиялық, пластикалық немесе емдік мақсатта емдеу;
- 9) кәсіби аурулар;
- 10) омыртқаның әртүрлі орналасқан остеохондрозы, оның ішінде остеохондроз асқынуларын консервативтік және хирургиялық емдеу (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: жарықтар, протрузиялар, спондилолистездер, омыртқалардың ығысуы), оңалту;
- 11) деформациялаушы остеоартроздар, емдеу;
- 12) жедел және созылмалы гепатиттерді, бауыр циррозын, Крон ауруын, созылмалы бауыр жеткіліксіздігін және оның асқынуларын (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: тері қышуы, гипербилирубинемия, бауыр комасы) емдеу;
- 13) ағзалар мен тіндердің қатерсіз және қатерлі ісіктері, сондай-ақ олардан туындайтын асқынулар, оның ішінде жатыр мойнының псевдоэрозиясы мен эрозиясын емдеу;
- 14) кез келген локализациядағы гиперпластикалық үдерістер, лимфоидтық тіннің өсуі (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: аденоидтар);
- 15) эндокриндік жүйе аурулары: қант және қантсыз диабет және оның асқынулары, қалқанша без, қалқанша маңы бездері, гипофиз, бүйрек үсті бездері аурулары және олардың салдары, тамақтану бұзылыстары және зат алмасу бұзылыстары;
- 16) бүйректің поликистозы; созылмалы гломерулонефрит, созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі, бүйрек амилоидозы, нефроангиосклероз, гидронефроз, бүйрек пен зәр шығару жолдарының туа біткен ақаулары, кез келген шығу текті энурездер; қуықасты безі аурулары (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: созылмалы простатиттер; аденомалар, гиперплазиялар), нефроптоздар;
- 17) бронхоэктазиялық ауру, созылмалы обструктивті өкпе ауруы (СОӨА), бронх демікпесі, өкпе эмфиземасы және тыныс жеткіліксіздігі бар басқа да созылмалы өкпе аурулары;
- 18) остеопороздар, созылмалы остеомиелиттер, буын функциясының бұзылуымен жүретін артроздар, өкше сүйек өсінділері;
- 19) төменгі аяқ-қол тамырларының атеросклерозы, Лериш синдромы;
- 20) аса қауіпті инфекциялар, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: шешек, оба, сібір жарасы, тырысқақ, бөртпе сүзек, іш сүзегі, туляремия, маңқа, миелоидоз, легионеллез, шешек, геморрагиялық қызбалар, энцефалиттер;
- 21) көз аурулары: миопия, гиперметропия, астигматизм, катаракта, глаукома, аккомодация спазмы, тор қабықтың ажырауы, демодекоз, қабақ массажы және көз алмасының биостимуляциясы, қылилық, птеригиум, халязион, жасқа байланысты макулярлық дегенерация, сондай-ақ оны «Луцентис» препаратымен емдеу;
- 22) психикалық аурулар және олардың асқынулары, сондай-ақ психикалық сипаттағы ауруларға байланысты туындаған әртүрлі жарақаттар мен соматикалық жағдайлар;
- 23) ми қан айналымының жедел бұзылыстары және олардың салдары;
- 24) жүйке жүйесінің экстрапирамидалық және басқа да қозғалыс бұзылыстары;
- 25) аневризма, Такаясу ауруы (бейспецификалық аортоартериит), Бюргер ауруы (облитерациялаушы тромбангиит, эндоартериит), варикоздық ауру, созылмалы геморройды емдеу;
- 26) эпилепсия, жүйке жүйесінің демиелинизациялаушы аурулары;
- 27) семіздік, салмақ жетіспеушілігі;
- 28) дене қалпының бұзылыстары;
- 29) сөйлеу, есту бұзылыстары;
- 30) қан айналым жеткіліксіздігі бар жүрек-қан тамыр жүйесінің созылмалы аурулары, Абрамов – Фидлер миокардиті; жасанды жүрек ырғағын жүргізгіш орнатуды талап ететін аурулар, WPW синдромы;
- 31) созылмалы аурулар;
- 32) мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторында емдеуге тыйым салынған аурулар;



- 33) сақтандыру қорғанысы басталғанға дейін туындаған созылмалы жағдайлар немесе өзге де аурулар, сондай-ақ олардың кез келген салдары;
  - 34) кардиомиопатия, CREST-синдромы, постинфарктық кардиосклероз терапиясы;
  - 35) паразиттік аурулар (оның ішінде гельминтоздар);
  - 36) шұғыл медициналық көмек көрсетуді талап ететін патологиялық жағдайлар мен симптомдарға жатпайтын және осы Шартта көзделмеген аурулар;
  - 37) инфекциялық-паразиттік аурулар;
  - 38) COVID-19 – coronavirus disease (диагностика және емдеу);
  - 39) нақтыланбаған коронавирус инфекциясы (диагностика және емдеу);
  - 40) бұрын белгісіз, зерттелмеген немесе жеткілікті/толық зерттелмеген аурулар (оның ішінде вирустық немесе бактериялық инфекциялардан туындаған жаңа түрлері мен штаммдары);
  - 41) эпидемия туғызған аурулар;
  - 42) әлеуметтік мәні бар аурулар, олар бойынша медициналық-әлеуметтік көмек тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетіледі.
- 3.5.2. келесі диагностика және емдеу әдістері бойынша (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей):
- 1) иридо-, аурикуло-, термопунктуралық, электропунктуралық, пульстік, мануалдық диагностика, энергоинформатика, аллергодиагностика; мануалдық терапия, жалпы массаж, барокамера, флоатинг, гирудотерапия, гомеопатия, Фолль әдісі бойынша зерттеу, ине рефлексотерапиясы, балшықпен емдеу, оксигенотерапия, биорезонанстық терапия, фототерапия, вакуумдық терапия, соққы-толқындық терапия, су асты, «құрғақ тарту» омыртқа, плазмаферез, гемоферез, қанның УФО-сы, гидроколлотерапия, циркулярлық және өзге де душ түрлері, інжу және өзге де ванна түрлері, балшықпен емдеу, су асты массажы, биомеханикалық тарту, дәстүрлі емес диагностика, дәстүрлі емес сауықтыру жүйелері, энергоақпараттық сауықтыру жүйесі, бальнеотерапия, механотерапия, тракциялық емдеу, халық медицинасының (емшілік) әдістері, емдік-сауықтыру бассейндері, лазерлік сәулеленуді қолданумен емдеу, оның ішінде лазерлік литотрипсия;
  - 2) пластикалық операциялар, протездеудің барлық түрлері және косметология; сыртқы келбеттің косметикалық және өзге де кемшіліктерін және дене аномалияларын жоюға байланысты емдеу түрлері, мұрын қалқасының пішінін немесе құрылымын өзгерту; осы мақсатта жақ-бет аймағына жасалатын хирургиялық араласулар;
  - 3) дене салмағын өзгерту (хирургиялық және/немесе дәрі-дәрмектік); жынысты хирургиялық өзгерту; ағзаларды немесе тіндерді трансплантациялау;
  - 4) стерилизация, контрацепция әдістерін таңдау (оның ішінде жатыр ішілік спиральді енгізу және алып тастау);
  - 5) ПТР, ИФА, РИФ әдістерімен зерттеу, сондай-ақ қалқанша без гормондарына зерттеулер;
  - 6) компьютерлік томография, магниттік-резонанстық томография;
  - 7) массаж;
  - 8) эндопротездеу, аортокоронарлық шунттау, стенттеу, коронарография, оның ішінде диагностика және оларды жүргізуге қажетті барлық ілеспе зерттеулер;
  - 9) көруді кез келген түзету;
  - 10) урологиялық массаж жүргізу, импотенцияны, бедеулікті диагностикалау және емдеу;
  - 11) стоматологиялық көмек;
  - 12) аллергодиагностиканың кез келген түрі;
  - 13) хирургиялық патология бойынша үй жағдайында көктамыр ішіне инфузиялар, таңу, жараларды өңдеу;
  - 14) соққы-толқындық терапия, тастарды және/немесе түзілістерді қашықтан ұсақтаудың барлық әдістері;
  - 15) бұрын белгісіз, зерттелмеген немесе жеткілікті зерттелмеген ауруларды диагностикалау;
  - 16) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүргізілетін диагностикалық іс-шаралар.
- 3.5.3. келесі мән-жайлар бойынша (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей):
- 1) жүктілік және оның салдары;
  - 2) бедеулік, аборттар және олардың асқынулары, етеккір циклінің бұзылуы (диагностика және емдеу); жасанды ұрықтандыру, жатыр ішілік спиральді алып тастау;
  - 3) алкогольдік, уытты немесе есірткілік масаң күйде алынған жарақаттар, күйіктер, уланулар;



- 4) суицид әрекеті (шұғыл көмек көрсетуді қоспағанда); өзіне қасақана дене жарақаттарын салу;
  - 5) алкогольмен және оның суррогаттарымен, есірткі құралдарымен жедел улану;
  - 6) патологиялық сынулар, ағзаның туа біткен немесе жүре пайда болған кемшіліктері;
  - 7) Сақтандырылған тұлғаның қасақана қылмыс жасауы нәтижесінде болған жарақаттар немесе өзге де денсаулық бұзылыстары;
  - 8) ядролық энергияның бөлінуімен, радиоактивтік сәулеленумен және/немесе олардың салдарларымен байланысты аурулар, жарақаттар және ағзаның өзге де зақымданулары;
  - 9) Сақтандырылған тұлғаның алкогольдік, есірткілік немесе уытты масаң күйде немесе тиісті құжаттарсыз кез келген көлік құралын басқаруы кезінде алған жарақаттары (сондай-ақ Сақтандырылған тұлға басқаруды масаң күйдегі немесе тиісті құжаттары жоқ тұлғаға берген жағдайда);
  - 10) әскери әрекеттер, тәртіпсіздіктер, саяси, идеологиялық немесе әлеуметтік сипаттағы ұжымдық зорлық-зомбылық актілері нәтижесінде болған аурулар немесе жазатайым оқиғалар;
  - 11) сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде орын алған, бірақ соғыс, оккупация, агрессия актісі, қарулы қақтығыстар (соғыс жарияланғанына қарамастан), ереуілдер, локауттар, қоғамдық тәртіпсіздіктер салдарынан туындаған аурулар, жарақаттар және өзге де зақымданулар;
  - 12) Сақтандырылған тұлғаның қауіпті әуестенулерінен туындаған жағдайлар: парашютпен секіру, су астында жүзу, әуе шарымен ұшу, авторалли, альпинизм, шаңғы, рафтинг, серфинг, скейтбординг, коньки тебу, дельта-, парапланеризм, авто және мотожарыстар, атпен жүру, футбол, хоккей, регби, күштік спорт түрлері (ауыр атлетика), күрестің барлық түрлері, спелеотуризм, родео, ролик тақталармен жарыстар, скутерлер, вело-, мотоспорт және т.б.;
  - 13) Сақтандырылған тұлғаның кез келген спорт түрімен айналысуының, оның ішінде спорттық жарыстарға қатысуының салдарынан туындаған аурулар немесе жарақаттар, сондай-ақ еңбек қызметін жүзеге асыру кезеңінде алынған жарақаттар мен аурулар;
  - 14) қауіпсіздік техникасын сақтамауға байланысты жағдайлар мен жарақаттар;
  - 15) оқу орындарына, мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарына, жұмысқа немесе әскери қызметке орналасу үшін, спорттық іс-шараларға қатысу үшін, басқа мемлекетке кіруге рұқсат алу үшін, көлік құралын басқаруға рұқсат алу үшін, қару алып жүруге рұқсат алу үшін, әскери қызметтен босатылу немесе кейінге қалдыру үшін, спорттық (сауықтыру) ұйымдарға бару үшін анықтамалар алу үшін, МӘС-ке жолдама рәсімдеу үшін медициналық комиссиядан (медициналық тексеруден) өтуге байланысты медициналық шығыстар;
  - 16) санаторий-курорттық емдеуге байланысты медициналық шығыстар;
  - 17) тірек-қимыл аппараты ауруларын емдеу мақсатында реконструктивтік және өзге де операцияларды жүргізу үшін металл конструкцияларды, импланттарды, протездерді сатып алуға байланысты шығыстар;
  - 18) түзетуші медициналық құрылғыларды немесе құралдарды (контактілі линзалар, көзілдірік жақтаулары, есту құрылғылары, есту имплантаттары) пайдалану, жөндеу және бейімдеу шығыстары;
  - 19) Сақтандырылған тұлғаның тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек алуы, оның ішінде сол ауруға байланысты кейінгі жүгінулер;
  - 20) хирургиялық ауруларды жоспарлы оперативтік емдеуге байланысты шығыстар, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: операциядан кейінгі тігістерді алу және өңдеу, металл конструкцияларды (штифтер және басқалары) алып тастау, сондай-ақ өзге де рәсімдер;
  - 21) психолог және психотерапевт, диетолог, логопед қызметтеріне, отбасын жоспарлау қызметтеріне байланысты шығыстар;
  - 22) соққы-толқындық терапияны, тастарды қашықтан ұсақтаудың барлық әдістерін қамтуға байланысты шығыстар.
- 3.6. Осы Шарт бойынша келесі тұлғалар Сақтандырылған тұлға бола алмайды:
- 1) 18 жасқа дейінгі тұлғалар және 85 жастан асқан тұлғалар, АИТВ жұқтырған тұлғалар, диагноз қашан қойылғанына қарамастан;
  - 2) қатерсіз және қатерлі ісіктері бар тұлғалар, олардың қашан анықталғанына қарамастан;



- 3) мүгедектігі бар тұлғалар;
  - 4) сақтандыру қорғанысы басталған кезде стационарда жатқан тұлғалар;
  - 5) терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізбесіне енгізілген тұлғалар;
  - б) тиісті тексеру шараларын жүргізу мүмкін болмайтын тұлғалар.
- 3.7. Осы Ережелердің 3-тарауының 3.6-тармағында көрсетілген мән-жайлар болған жағдайда, Сақтандырушы Шартты біржақты тәртіппен жазбаша хабарлама жібермей бұзуға құқылы. Бұл ретте жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері тиісті хабарлама алынған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) тарапынан Сақтандырушыға қайтарылуға тиіс. Сақтандыру шарты бұзылған кезде сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.
- 3.8. Сонымен қатар, Сақтандырушы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы және келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:
- 1) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізбесінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізбесінде (бұдан әрі – ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;
  - 2) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін сұратуы бойынша құжаттарды және қосымша ақпаратты ұсынбауы;
  - 3) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп болжауға негіздер болған кезде.
- 3.9. Сақтандырушы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы сатып алуға жұмсалған шығындарды өтемейді.
- 3.10. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдері, Сақтандырылған тұлғаға қызметтерді одан әрі алу немесе емдеуді жалғастыру қажеттілігіне қарамастан, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін жүзеге асырылады.

#### **4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ**

- 4.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартында айқындалады.
- 4.2. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру арқылы Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайының туындауына байланысты медициналық көмек алу қажеттілігінен туындаған ақылға қонымды және негізді (орташа, әдеттегі және қажетті) шығындарын өтейді. Бұл ретте сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырылған тұлғаның медициналық көмек алуға жұмсаған нақты шығындарының мөлшерінен аспауға тиіс және Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауға тиіс.

#### **5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ**

- 5.1. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, сондай-ақ оны төлеу мерзімдері Сақтандыру шартында белгіленеді.
- 5.2. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу Сақтандыру шартына Тараптар қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде біржолғы тәртіппен, Сақтандырушының кассасына қолма-қол төлем арқылы не Сақтандырушының банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлем арқылы жүргізіледі.

#### **6. САҚТАНУШЫ САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ КЕЗІНДЕ ҰСЫНАТЫН МӘЛІМЕТТЕР. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІН БАҒАЛАУ ҚҰҚЫҒЫ**

- 6.1. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушының сұратуы бойынша осы Ережелерге №2 қосымшаға сәйкес Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тиісінше тексеруді жүргізу үшін қажетті құжаттарды, сондай-ақ өзге ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ Сақтандырушыға Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) белгілі, сақтандыру жағдайының



туындау ықтималдығын және оның салдарынан болуы мүмкін залал мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті.

6.2. Келесі мән-жайлар елеулі деп танылады:

1. Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері;
2. сақтандыру объектісін көрсету;
3. сақтандыру жағдайын көрсету;
4. сақтандыру сомасын, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін көрсету;
5. сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері;
6. Сақтандыру шартын жасасу күні және қолданылу мерзімі;
7. Сақтандырылған тұлға мен Пайда алушы туралы көрсету;
8. Сақтандыру шарты жасалған сәтте Сақтандырылған тұлғада бар аурулар мен жарақаттар;
9. Сақтандырылған тұлғаның денсаулық жағдайы туралы кез келген ақпарат;
10. тұлғаны шартқа Сақтандырылған тұлға ретінде енгізу мүмкіндігін жоққа шығаратын мән-жайлар;
11. осы Ережелердің 3-бөлімінде көрсетілген аурулар мен мән-жайлар туралы ақпарат.

6.3. Сақтандырушы сақтандыру тәуекелін айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы ақпаратты Сақтанушыдан (Сақтандырылған тұлғадан) жазбаша түрде сұрату үшін өзі әзірлеген өтініш-сауалнамаларды немесе сауалнамаларды пайдалануға құқылы.

Егер Сақтандыру шарты Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптары болмаған жағдайда немесе Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға Сақтандырушының тиісті тексеруді жүргізуі үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда жасалса, соңғысы кейіннен тиісті мән-жайлар Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) тарапынан хабарланбаған деген негізбен Сақтандыру шартын бұзуды немесе оны жарамсыз деп тануды талап ете алады, сол сияқты Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

6.4. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта Сақтандырушы өзіне белгілі болған денсаулық жағдайы туралы ақпаратты пайдалануға, Сақтандырылған тұлғаның денсаулық жағдайын нақты бағалау және (немесе) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарлаған мәліметтерінің дұрыстығын анықтау үшін Сақтандырылған тұлғаны медициналық куәландыруды, тексеруді жүргізуге құқылы. Осы мақсатта Сақтандырушы құзыретті органдарға (МӘС комиссиялары, ауруханалар, емханалар, Сақтандырылған тұлға бұрын медициналық көмек алған өзге де медициналық мекемелер) сұрау салулар жіберуге құқылы.

## **7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ЖӘНЕ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ**

7.1. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын өтініш-сауалнама негізінде, сондай-ақ Компанияның ішкі бақылау ережелеріне сәйкес тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті құжаттар ұсынылған кезде жасалады.

7.2. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда, Сақтанушының осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі (осы Сақтандыру ережелеріне №1 қосымша) арқылы жасалады. Егер Сақтанушының электрондық поштасы болса, сақтандыру полисінің электрондық көшірмесі осы электрондық поштаға жіберіледі.

7.3. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда, Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға 3 (үш) күн ішінде Сақтандырушыны жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның өтініші негізінде Сақтандыру шартының телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін алуға негіз бола алмайды.

7.4. Сақтандырушы Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасасудан бас тарту себептерін түсіндірмей-ақ бас тартуға құқылы.

## **8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ**

8.1. Сақтандыру шарты 1 айдан 12 айға дейінгі мерзімге (қоса алғанда) жасалады.

8.2. Сақтандыру шарты Тараптар Шартқа қол қойған күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады.

8.3. Осы Сақтандыру ережелерінің талаптарына сәйкес Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру аумағы Қазақстан Республикасының аумағы болып табылады.

8.4. Сақтандыру шарты сақтандыру төлемі жүзеге асырылған бірінші сақтандыру жағдайы туындаған сәттен бастап өз әрекетін тоқтатады.

### **9. САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҰЛҒАНЫҢ) САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРІ. САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҰЛҒАҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТУЫНДАУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

9.1. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға сақтандыру жағдайы туындаған кезде міндетті:

1. әрі қарайғы залалды азайту үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдауға;
2. сақтандыру жағдайы туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, ол туралы толық мәліметтерді көрсете отырып, Сақтандырушыны жазбаша түрде хабардар етуге.

9.2. Осы Сақтандыру ережелерімен Сақтандырылған тұлғаға медициналық көмек көрсетудің келесі шарттары белгіленеді:

Сақтандырылған тұлға шұғыл медициналық көмек көрсетуді талап ететін патологиялық жағдайлар мен симптомдар болған кезде өзі алған медициналық қызметтер үшін дербес төлейді.

Жұмсалған шығындардың өтемін алу және сақтандыру жағдайының туындауын және залал мөлшерін растау үшін Сақтандырылған тұлға Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынады:

1. сақтандыру төлемін жүзеге асыруға өтініш;
2. сақтандыру полисінің (Сақтандыру шартының) түпнұсқасы;
3. Сақтанушының, Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа және көшірме);
4. амбулаториялық-емханалық көмек бойынша – шот-фактура, фискалдық чек және тексеру нәтижелері, диагноз және дәрігердің ұсынымдары көрсетілген амбулаториялық картадан үзінді көшірменің көшірмесі;
5. стационарлық емдеу бойынша – шот-фактура, фискалдық чек, стационардан үзінді көшірменің көшірмесі.

9.3. Сақтандырылған тұлға медициналық ұйымдарға жүгінген кезде, Сақтандырушы осы медициналық ұйымдардың мамандары жүргізген Сақтандырылған тұлғаны диагностикалау мен емдеу нәтижелері үшін жауап бермейді.

9.4. Емдеу және диагностикалық зерттеулердің түрлерін медициналық ұйымның мамандары айқындайды.

### **10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

10.1. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтандырылған тұлғаларды сақтандыру аумағында сақтандыру қорғанысымен қамтамасыз етуге;
- 2) сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандыру ережелерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 3) сақтандыру жағдайы туындаған кезде және Сақтандырушыны сақтандыру төлемін немесе оның бір бөлігін жүзеге асырудан босататын мән-жайлар болған кезде, барлық қажетті құжаттар мен мәліметтерді алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемінен немесе оның бір бөлігінен негізді түрде бас тартуға;
- 4) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтініш берілген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырылған тұлғаны (Сақтанушыны) жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге;
- 5) келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
  - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде, сондай-ақ Жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тізбесіне енгізілген тұлғалар мен ұйымдар тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖКҚТҚ тізбесі) болуы;



- Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеруді жүргізуі үшін сұратуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.

10.2. Сақтандырушының құқығы бар:

- 1) Сақтанушыдан оны сәйкестендіру және тиісті тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен өзге де ақпаратты сұратуға;
- 2) Сақтанушыдан Сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін қажетті анық және шынайы ақпарат ұсынуды талап етуге;
- 3) Сақтанушы ұсынған ақпаратты, сондай-ақ Сақтандыру шартының талаптарының орындалуын тексеруге;
- 4) Сақтанушыдан сәйкестендіру және тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті құжаттарды, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу фактісін куәландыратын және залал мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 5) қажет болған жағдайда сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын растайтын тиісті құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
- 6) сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға;
- 7) залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеп-тексеру жүргізуге;
- 8) Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға осы Ережелерде көзделген міндеттерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 9) Сақтандырылған тұлға және/немесе Сақтанушы Сақтандыру ережелерінің талаптарын бұзған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға.

10.3. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандырушының сұратуы бойынша оны сәйкестендіру және тиісті тексеру үшін қажетті құжаттарды, Сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін қажетті толық және анық ақпаратты ұсынуға;
- 2) Сақтандырушының сұратуы бойынша тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті құжаттарды, сондай-ақ өзге де қосымша ақпаратты ұсынуға;
- 3) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 4) Сақтандыру шартының талаптарын сақтауға;
- 5) сақтандыру жағдайының басталуына байланысты барлық мән-жайларды анықтау үшін қажетті өзінде бар барлық ақпаратты Сақтандырушыға беруге;
- 6) Сақтандырылған тұлғаларды Сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
- 7) Сақтандырылған тұлғалардың медициналық ұйымдардың ішкі қызметін және олардың медициналық қызметтер көрсету тәртібін реттейтін нормалар мен қағидаларды сақтауын қамтамасыз етуге;
- 8) осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға;
- 9) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін растауға міндетті. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы оларды одан әрі сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды және ол 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады;
- 10) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін растауға;



- 11) Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісімін алуға міндетті;
  - 12) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне келісімінің болмауына, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімінің болмауына, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімінің болмауына жауапты болады;
  - 13) деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды:
  - 14) атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса),
  - 15) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі)
  - 16) субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса);
  - 17) дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең;
  - 18) оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе мұндай мүмкіндіктің болмауы туралы мәліметтер;
  - 19) оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтер;
  - 20) дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер;
  - 21) дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі;
  - 22) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының, сондай-ақ олардың серіктестерінің интернет-ресурстарында, мобильдік қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде, жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда сақталатын Сақтанушының дербес деректерін Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін растауға.
- 10.4. Сақтанушының құқығы бар:
- 1) Сақтандырушыдан Сақтандыру ережелерінде көзделген сақтандыру талаптарына, өзінің құқықтары мен міндеттеріне түсіндірме беруді талап етуге;
  - 2) сақтандыру төлемінің уақтылы жүзеге асырылуын талап етуге.
- 10.5. Сақтандырылған тұлғаның медициналық ақпараттың құпия сақталуына құқығы бар.

## **11. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ**

11.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде белгіленген Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздерінен басқа, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға міндетті: Сақтандырушы келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:

- 1) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізбесінде (ЖҚҚТК) болуы;
  - 2) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін сұратуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
  - 3) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.
- 11.2. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан туындаса, сақтандыру төлемінен де босатылады:



- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның (иондаушы сәулеленудің) немесе ядролық қару материалдарымен не радиоактивті қалдықтармен радиоактивтік зақымданудың әсері;
  - 2) соғыс, әскери басып кіру, шетелдік жаудың дұшпандық әрекеттері, әскери іс-қимылдар, әскери маневрлер және олармен байланысты әскери сипаттағы іс-шаралар, олардың заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен осындай деп танылғанына немесе танылмағанына қарамастан;
  - 3) азаматтық соғыс, қарулы бүлік, кез келген сипаттағы халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер, билікті күшпен басып алу немесе күшпен ұстап тұру;
  - 4) дәрігердің тағайындауынсыз есірткілік және психотроптық заттарды тұтыну нәтижесінде болған, сондай-ақ маскүнемдікті, нашақорлықты немесе уытқұмарлықты, оларға тәуелділікті немесе олардың салдарын емдеу және (немесе) медициналық көмек көрсету нәтижесінде болған Сақтандырылған тұлғаның алкогольдік, есірткілік немесе уыттық масаң күйі не улануы;
  - 5) террористік акт;
    1. табиғи апаттар: жер сілкінісі, су тасқыны, сел, дауылдар.
- 11.3. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан туындаса, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
1. Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына ықпал еткен қасақана әрекеттері, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда. Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына ықпал еткен қасақана әрекеттерінің құрамына кез келген жағдайда мыналар кіреді:
    - a) Сақтандырылған тұлғаның өзіне-өзі қол жұмсауға оқталуы;
    - b) Сақтандырылған тұлғаның өзіне қасақана дене жарақаттарын келтіруі;
    - c) Сақтандырылған тұлғаның еңбек функцияларын жүзеге асыруы:
      - 1) емдеуші дәрігердің нұсқауларына қайшы;
      - 2) Сақтандырылған тұлғаның жүктілігі кезеңінде;
      - 3) Сақтандырылған тұлға стационарлық емдеуге (ауруханаға жатқызуға) жіберілген кезде;
      - 4) Сақтандырылған тұлғаның стационарлық емделуі (ауруханада жатуы) кезеңінде;
      - 5) Сақтандырылған тұлғада өлімге әкелетін жазылмайтын үдемелі ауру анықталғаннан кейін;
    - d) Сақтандырылған тұлғаның тағайындалған емді алудан бас тартуы немесе ем жүргізуге және осыған байланысты өзге де қызметтер көрсетуге кедергі келтіретін әрекеттерді жасауы, оның ішінде Сақтандырылған тұлғаның медициналық қызметтерді алу үшін келмеуі.
  2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның әрекеттері.
- 11.4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтандырылған тұлғаның және (немесе) Сақтанушының келесі әрекеттері негіз болуы мүмкін:
- 1) Сақтандырылған тұлғаның және (немесе) Сақтанушының Сақтандырушыға Шарт жасалған сәттегі Сақтандырылған тұлғаның денсаулығы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы не елеулі мән-жайларды хабарламауы;
  - 2) емдеу аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептерін, сипатын және оның туындаған нәтижемен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбау;
  - 3) Сақтандырылған тұлғаның және (немесе) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;
  - 4) Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеруге және келтірілген залал мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
  - 5) Сақтанушының және/немесе Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру ережелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы;
- 11.5. Тараптар осы Ережелердің талаптарына сәйкес айқындалатын және Сақтандырылған тұлғаның алкогольдік, есірткілік, сондай-ақ уыттану әсерін туғызатын өзге де заттарды (емдеуге тағайындалған дәрілік препараттарды қоспағанда) қолдануы салдарынан болған сақтандыру



жағдайы Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатуға негіз болатынымен келіседі.

11.6. Сақтандырушы келесілер үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

- 1) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның жанама коммерциялық шығындары, шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы, өсімпұл), жіберілген пайда түріндегі залалдар;
- 2) моральдық зиян;
- 3) сот шығындары.

11.7. Сақтандыру төлемінен немесе оның бір бөлігінен бас тартуды Сақтандырушы барлық қажетті құжаттар мен мәліметтерді алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

## **12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТARTU ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ**

12.1. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ одан келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға жүктеледі.

12.2. Сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандырылған тұлғаға дәрігерлер және (немесе) медициналық мекемелер көрсеткен медициналық қызметтердің құнына қарай айқындалады.

12.3. Сақтандырылған тұлға медициналық мамандардың тағайындауларына сәйкес медициналық қызметтер алады.

12.4. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың қажетті және жеткілікті шарты Сақтандырылған тұлғаның осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген медициналық қызметтер көрсету тәртібін сақтауы болып табылады;

12.5. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы барлық қажетті құжаттар мен мәліметтерді алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қабылдайды. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы Сақтандырушы Пайда алушыны бас тартуға себеп болған мән-жайларды міндетті түрде көрсете отырып, жазбаша нысанда хабардар етеді.

12.6. Сақтандырушының өкілі Сақтандырылған тұлғаны қарап-тексеруге және (немесе) оның денсаулық жағдайын нақты бағалау және Сақтандырылған тұлғаның денсаулығына келтірілген зиян мөлшерін айқындау үшін сараптама тағайындауға құқылы.

12.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

12.8. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырылған тұлғаны (Сақтанушыны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтініш ұсынылған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге.

12.9. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талап қою мерзімдері ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босататын мән-жай анықталса, Пайда алушы алған сақтандыру төлемін (немесе оның тиісті бөлігін) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

## **13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ**

13.1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтандыру шарты келесі жағдайларда өз әрекетін тоқтатады:

- 1) Сақтандырушының Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы;
- 2) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 3) Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы сот шешімін қабылдау;
- 4) Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісінше тексеру шараларын жүргізудің мүмкін болмауы, іскерлік қатынастар КЖ және ТҚ мақсатында пайдаланылуда деп пайымдауға негіздер болған жағдайларда.

13.2. Тараптар Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-бірін Сақтандыру шартын тоқтатудың болжамды күніне дейін кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.



13.3. Егер Сақтандыру шарты келесі мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:

- 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатса;
- 2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылған тұлға қайтыс болса;
- 3) сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылса және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтатылса;
- 4) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енсе;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Сақтандырушы берген сақтандыру полисіне енгізілген талаптар мен мәліметтер өзгерсе;
- 6) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларда.

Сақтандыру шарты осы тармақта Сақтандыру шартын тоқтатудың негізі ретінде көзделген көрсетілген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.

Бұл ретте, сақтандыру жағдайлары болмаған кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін, Шарт жасасуға байланысты әкімшілік шығыстарды (оның ішінде: жасалған Сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы Сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджердің сыйақысы) шегере отырып, Шарт бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысының 25% мөлшерінде қайтарады.

13.4. Егер Сақтанушы-жеке тұлғаның Шарттан бас тартуына байланысты Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылса және бұл осы баптың 13.3-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, ол жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және Шартты бұзуға байланысты шығыстарды, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде ұстап қалып, қайтарады.

13.5. Сақтандырушы таратылған кезде сақтандыру сыйлықақыларын қайтару Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

13.6. Егер Сақтанушының Сақтандыру шартынан бас тартуы осы баптың 13.3 – 13.4-тармақтарында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

13.7. Егер осы Шарт бойынша кез келген мөлшерде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, Шарт кез келген негіз бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысы және/немесе оның бір бөлігі қайтарылуға жатпайды.

13.8. Сақтандыру полисіне өзгерістер қолданыстағы сақтандыру полисін бұзу және жаңа сақтандыру полисін жасасу жолымен енгізіледі.

#### **14. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ (ФОРС-МАЖОР)**

14.1. Егер олар келесі еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауының салдары болса: ядролық жарылыстың, уландырғыш заттардың, радиацияның немесе радиоактивтік зақымданудың, экологиялық апаттардың, әскери іс-қимылдардың, азаматтық соғыстың, халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің әсері, сондай-ақ табиғи апаттар мен Тараптар болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен Шарт талаптарын орындауға кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың актілері болса, Тараптар Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

14.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы себебінен Шартты орындау мүмкін еместігіне сілтеме жасайтын Тарап бұл туралы екінші Тарапты оқиға туындаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей кез келген мүмкін тәсілдермен хабардар етуге міндетті.

#### **15. ҚОСЫМША ШАРТТАР**

15.1. Осы Сақтандыру ережелері қазақ және орыс тілдерінде жасалған;



15.2. Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы осы шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды;

15.3. Сақтанушы осы Шартты жасасуға Сақтандырылған тұлғаның(лардың) келісімін алғанын растайды. Сақтанушы Пайда алушыны және (немесе) Сақтандырылған тұлғаны(ларды) олардың келісімінсіз өзгерте алады.

15.4. Шарт бойынша тікелей немесе жанама түрде келесі оқиғалардың әсері нәтижесінде немесе олардың болуы кезінде туындаған жауапкершілікті сақтандыру қамтылмайды:

1. соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгерлік акцияларда, кез келген қақтығыстарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті құлатуда, оккупацияларда, интервенцияларда және өзге де осыған ұқсас әрекеттерде пайдалануға арналған немесе пайдаланылатын кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де құралдардың/жабдықтардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері;

2. соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгерлік акцияларда, кез келген қақтығыстарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті құлатуда, оккупацияларда, интервенцияларда және өзге де осыған ұқсас әрекеттерде қолдануға арналған немесе қолданылған не осындай әрекеттерден кейін қалған, не залалсыздандырылғаннан кейін іске аспаған осындай құралдардың қалдықтары болып табылатын кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де құралдардың/жабдықтардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері.

15.5. Шарт бойынша тікелей немесе жанама түрде келесі жағдайларда туындаған жауапкершілікті сақтандыру қамтылмайды:

1. соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан әскери іс-қимылдар;
2. мемлекеттік органдармен, әскери қызметшілермен, әскери міндеттілермен, жалдамалы әскерлермен, бітімгерлермен жүргізілетін кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, әрекеттер;
3. жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, қақтығыстар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
4. терроризмге қарсы операциялар;
5. бітімгерлік операциялар;
6. төтенше жағдай;
7. коменданттық жағдай;
8. әскери жағдай;
9. жүріп-тұруды шектеу режимдері;
10. жаппай тонаудың, қарақшылықтың, ұрлықтың, бұзақылықтың болуы.

15.6. Шарт бойынша келесі жағдайлардың нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалту сақтандыру қорғанысымен қамтылмайды:

1. Сақтандырылған мүлікті кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе де-факто), немесе қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының тәркілеуі, ұлттандыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы немесе пайдалану үшін алу;

2. Кез келген өзге шарттарға қарамастан, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру оқиғаларына қолданылмайды, ал Сақтандырушы Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға ешқандай төлемдер немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және ешқандай қызмет көрсетпейді, егер мұндай қамту, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы қолданылатын заңнамалық немесе өзге нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.

15.7. Тараптар ОҒАС, Еуроодақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе шектеулері Украина аумақтық тұтастығына, егемендігіне және тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы, бұл үшін Сақтанушыға жай жазбаша хабарлама жіберу жеткілікті.



Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта арқылы немесе Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжай бойынша пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.

15.8. Тараптар осы Ережелердің 15.7-тармағына сәйкес Шарттың әрекеті тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарттың әрекеті тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.

15.9. Тараптар ОҒАС, Еуроодақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе шектеулері Украина аумақтық тұтастығына, егемендігіне және тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы осы Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынымен келіседі, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін орын алған оқиғалар бойынша да.

15.10. Тараптар осы Ережелердің 15.7-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзу және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемін төлемеу жағдайында Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтінін және қандай да бір залалды өтемейтінін келіседі.

## **16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

16.1. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалады және Тараптармен орындалады.

16.2. Тараптар реттемеген даулар Алматы қаласының соттарының қарауына беріледі, егер Шарттың тарапы заңды тұлға болса, дау Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады, ал егер Шарттың тарапы жеке тұлға болса, дау Сақтандырушының орналасқан жері бойынша сотта қаралады.



**Евразия**  
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ЕҢБЕК ИММИГРАНТТАРЫН АУРУ ЖАҒДАЙЫНА ЕРІКТІ  
САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА БАЯНДАЛҒАН)**

**Еңбек иммигранттарын ауру жағдайына ерікті сақтандыру ережелеріне  
№ 1 қосымша**

**САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ/ СТРАХОВОИ ПОЛИС № \_\_\_\_\_**

<b>САҚТАНДЫРУ КЛАСЫ/КЛАСС СТРАХОВАНИЯ</b>	АУЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ / ДОБРОВОЛЬНОЕ СТРАХОВАНИЕ НА СЛУЧАИ БОЛЕЗНИ	
<b>ЛИЦЕНЗИЯ/ ЛИЦЕНЗИЯ</b>		
<b>САҚТАНДЫРУШЫ/ СТРАХОВЩИК</b>	«Евразия» СК» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: (727) 258 43 36; факс: 258 43 38, «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы, БСН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKAAO «СК «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: (727) 258 43 36, факс: 258 43 38, БИН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в Филиале №6 АО «Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA	
<b>САҚТАНУШЫ/ СТРАХОВАТЕЛЬ</b>		
Атауы/Наименование, Аты және/Ф.И.О		
Мекен-жайы уақытша тіркеу/адрес, временная регистрация		
Занды мекенжайы/Юридический адрес		
Банктік деректемелері/ банковские реквизиты		
ЖСН/БСН, ИНН/БИН		
туған күні / дата рождения		
Мемлекеттік тіркеу туралы, Төлхұжат/жеке куәлік/ (№, кіммен және қашан берілген)/ номер свидетельства о государственной регистрации, Паспорт /удостоверение личности/(№, кем и когда выдан)		
ЭСК/КСЭ (код сектора экономики), РЕ/ ПР(признак резидентства)		
резиденттік елі/страна резиденства		
Телефон		
<b>САҚТАНДЫРЫЛУШЫ/ ЗАСТРАХОВАННЫЙ,</b>		
Аты және/Ф.И.О		
Мекен-жайы уақытша тіркеу/адрес, временная регистрация		
Занды мекенжайы/Юридический адрес		
Банктік деректемелері/ банковские реквизиты		
ЖСН(бар болса)/ИНН(при наличии)		
туған күні / дата рождения		
Мемлекеттік тіркеу туралы, Төлхұжат/жеке куәлік/ (№, кіммен және қашан берілген)/ номер свидетельства о государственной регистрации, Паспорт /удостоверение личности/(№, кем и когда выдан)		
ЭСК/КСЭ (код сектора экономики), РЕ/ ПР(признак резидентства)		
резиденттік елі/страна резиденства		
Телефон		
<b>САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ/ ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ</b>	Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде медициналық мекемелерде алынған оның шығындарын өтеумен байланысты Сақтанушының/ Сақтандырылушының мүлкіктік мүдделері / Имущественные интересы Страхователя/Застрахованного, связанные с компенсацией его расходов, полученных в медицинских учреждениях в результате наступления страхового случая.	
Сақтандыру объектісінің орналасқан орны/ Место объекта страхования		
<b>САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ/ СТРАХОВАЯ СУММА</b>		
<b>САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ</b>		
ВАЛЮТАТУРЫ, САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУТӨРТІПІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ/ ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	Бір жолғы төлеммен төленеді/Уплачивается единовременно Вид валюты - тенге	
<b>САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ / СТРАХОВЫЕ СЛУЧАИ</b>	Жедел медициналық көмек көрсетілетін патологиялық жай-күйлер мен симптомдардың басталуы кезіндегі Сақтандырылушымен медициналық қызметтерді алудың негізделген қажеттілігі/Обоснованная необходимость получения Застрахованным медицинских услуг при наступлении патологических состояний и симптомов при которых показана экстренная медицинская помощь.	
<b>ФРАНШИЗА/ФРАНШИЗА</b>	Колданылмайды/Не применяется	
<b>САҚТАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУ АУМАҒЫ/ ТЕРРИТОРИЯ СТРАХОВОИ ЗАЩИТЫ</b>	Қазақстан Республикасы/Республика Казахстан	
<b>ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР/ ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ</b>		
ПАЙДА АЛУШЫ/ атауы, орналасқан жері, ЖСН, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ), резиденттік елі, аффилирлік белгісі (АБ), <b>ВЫГОДОПРИБРЕТАТЕЛЬ</b> наименование, местонахождение, ИИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства	Пайда алушы Сақтандырылушы болып табылады./ Выгодоприобретателем является Застрахованный.	
<b>САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӨРТІПІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ</b>	Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады /Страховщик осуществляет страховую выплату в течение 15 (пятнадцать) рабочих дней со дня принятия решения об осуществлении страховой выплаты.	
<b>САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ/ СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА</b>		

**Комиссиялық сыйақы.** Комиссионное вознаграждение – не на нет/ж.к.

Сақтандыру талаптарымен таныстып, өзін хабарлаған мәліметтердің шынайылығын растаймын, сақтандыру полисті алдым./С условиями страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис страховой полис получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі) /Страховщик (или его представитель): «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ/АО «Страховая компания «Евразия»  (аты-жөні, қолы/ Ф.И.О. подпись) М.О./М.П.	Сақтанушы / Страхователь:   (аты-жөні, қолы/ Ф.И.О. подпись) М.О./М.П.
---	---

**Елші қолданылған агент**  
Агент (Ф.И.О./Наименование)  
Адрес (если агент юридическое лицо)  
ИИН/ИИН  
Телефон

Берілген күні / Дата выдачи: \_\_\_\_\_ ж./г.



**ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

**1. Сақандырушы міндетті:**

- 1) Сақандырылушыларды сақандыру аумағында сақандыру арқылы қорғаумен қамтамасыз етуге;
- 2) Сақандыру жағдайы басталған кезде Сақандыру ережелерімен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 3) Сақандыру жағдайы басталған кезде және Сақандырушының сақандыру төлемін немесе оның бөлігін жүзеге асырудан босататын жағдайларының болуы кезінде барлық қажетті құжаттар мен мәліметтерді алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақандыру төлемінен немесе оның бөлігінен дәлелді бас тартуға;
- 4) Сақандыру төлемін жүзеге асыруға өтінішті беру сәтінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы Сақандырылушыға (Сақтанушыға) хабарлауға;
- 5) Мына жағдайларда сақандыру төлемінен бас тарту:
  - Сақтанушының/ сақандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша-фром тізбесі) болуы;
  - Сақтанушы/ сақандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған;
  - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция АЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

**2. Сақандырушы құқылы:**

- 1) Сақтанушыдан тиісті тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды және өзге де ақпаратты сұратуға;
- 2) Сақтанушымен ұсынылған ақпаратты, сондай-ақ Сақандыру шартының шарттарын орындауды тексеруге;
- 3) Сақтанушыдан сақандыру жағдайының басталу фактысын куәландыратын және залал мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 4) қажетіне қарай сақандыру жағдайының басталу жағдайларын растайтын тиісті құжаттар мен ақпаратты беру туралы құзырлы органдарға сұранымдарды жіберуге;
- 5) сақандыру жағдайының себептері мен жағдайларын өз бетімен анықтауға;
- 6) залал себептері мен мөлшеріне қатысты тексерулер жүргізуге;
- 7) берілген Ережелермен көзделген міндеттерін Сақтанушы/ Сақандырылушы орындамаған немесе тиісті жолмен орындамаған кезде Сақандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 8) Сақандырылушымен және/немесе Сақтанушымен Сақандыру ережелерінің шарттарын бұзу жағдайында сақандыру төлемінен бас тартуға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және берілген Ережелермен көзделген басқа да құқықтарды пайдалануға.

**3. Сақтанушы міндетті:**

- 1) Сақандырушыға оның сұрау салуы бойынша Сақандыру шартын жасау және орындау үшін қажетті толық және шынайы ақпаратты ұсынуға;
- 2) сақандырушының сұратуы бойынша құжаттарды, сонымен қатар тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті өзге де ақпаратты беруге;
- 3) Сақандыру шартының шарттарын сақтауға;
- 4) сақандыру жағдайының басталуымен байланысты барлық жағдайларды анықтау үшін қажетті барлық қолда бар ақпаратты Сақандырушыға тапсыруға;
- 5) Сақандырылушыларды Сақандыру ережелерімен таныстыруға;
- 6) Сақандырылушылармен медициналық мекемелердің ішкі қызметін реттейтін нормалар мен ережелерді және олармен медициналық қызмет көрсету тәртібін сақтауды қамтамасыз етуге;
- 7) берілген Ережелермен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға.

**4. Сақтанушы құқылы:**

- 1) Сақандырушыдан сақандыру шарттарын, Сақандыру ережелерімен көзделген өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақандыру төлемін уақытылы жүзеге асыруды талап етуге.
5. Сақандырылушы медициналық ақпаратты құпияда сақтау құқығына ие.
6. Тараптар «Евразия» СК» АҚ Еңбекші иммигранттарды ауыру жағдайына ерікті сақандыру ережелерімен көзделген басқа құқықтарға ие болады және басқа міндеттерді көтереді.
7. Сақтанушы, осы Сақандыру шартына қол қою отырып, тәуекелдердің алдын алуға және сақандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақандыру мүддесінің бар екендігін растайды.
8. Сақтанушы, Сақандырылушы, Пайда алушы Сақандырушының жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға бере алмайды.
9. Сақтанушы Сақандырылушының (-лардың) осы Шартты жасауға келісімін алғандығын растайды. Сақтанушы Пайда алушыны және (немесе) Сақандырылушының (-лардың) олардың келісімінсіз өзгерте алады.
10. Сақтанушы Сақандырушының факсимильді құралдарды (факсимиліні) және / немесе қолтаңбаның және/ немесе мөрдің электронды көшірмесін қолдана отырып, осы Шартты жасау мүмкіндігімен келіседі және мұндай Шарт Тараптармен түпнұсқа ретінде танылады.
11. Сақтанушы-жеке тұлғаның Шарттан бас тартуы себебі бойынша шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, егер бұл Ережелердің 13-бабының 13.3.-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақандырушы оны жасаған күннен бастап күнігізбелік 14 (он төрт) күн ішінде алынған сақандыру сыйлықақысын (сақандыру жарналарын) Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруды оның бір бөлігін шегере отырып жүргізеді, сақандыру сыйлықақысы (сақандыру жарналары) сақандыру қолданылған уақытқа және Шартты бұзуға байланысты шығасыларға пропорционалды түрде, алынған сақандыру сыйлықақысының (сақандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде белгіленеді.
12. Сақтанушы Сақандыру шартынан бас тартқан кезде, егер бұл Ережелердің 13-бабының 13.3-13.4-тармақтарында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақандырушыға төленген сақандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.
13. Кез келген негіз бойынша Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, егер осы Шарт бойынша кез келген мөлшерде сақандыру төлемі жүзеге асырылған болса-сақандыру сыйлықақысы және/немесе оның бір бөлігі қайтарылуға жатпайды.

**ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН**

**1. Страховщик обязан:**

- 1) обеспечить Защищаемых страховой защитой на территории страхования;
- 2) при наступлении страхового случая осуществить страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные Правилами Страхования;
- 3) при наступлении страхового случая и при наличии обстоятельств, освобождающих Страховщика от осуществления страховой выплаты или ее части обоснованно отказать в страховой выплате или ее части в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней с момента получения всех необходимых документов и сведений;
- 4) уведомить Защищаемого (Страхователя) о недостающих документах в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней с момента предоставления заявления на осуществление страховой выплаты;
- 5) отказать в страховой выплате в случаях:
  - нахождения Страхователя/ Защищаемого/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ);
  - не предоставления Страхователем/ Защищаемым документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;
  - когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.

**2. Страховщик имеет право:**

- 1) запрашивать у страхователя документы и иную информацию, необходимые для осуществления надлежащей проверки;
- 2) проверить предоставленную Страхователем информацию, а также выполнение условий Договора страхования;
- 3) запрашивать от Страхователя документы, удостоверяющие факт наступления страхового случая и подтверждающие размер ущерба;
- 4) при необходимости направлять запросы в компетентные органы о предоставлении соответствующих документов и информации, подтверждающих обстоятельства наступления страхового случая;
- 5) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства страхового случая;
- 6) проводить расследования в отношении причин и размера убытка;
- 7) досрочно расторгнуть Договор страхования при неисполнении или ненадлежащем исполнении Страхователем/ Защищаемым обязанностей предусмотренных настоящими Правилами;
- 8) отказать в страховой выплате в случае нарушения Защищаемым и/или Страхователем условий Правил страхования;
- 9) пользоваться иными правами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан и настоящими Правилами.

**3. Страхователь обязан:**

- 1) предоставить Страховщику по его запросу полную и достоверную информацию, необходимую для заключения и исполнения Договора страхования;
- 2) предоставить по запросу страховщика документы, а так же иную дополнительную информацию, необходимую для проведения надлежащей проверки;
- 3) соблюдать условия Договора страхования;
- 4) передать Страховщику всю имеющуюся информацию, необходимую для выяснения всех обстоятельств, связанных с наступлением страхового случая;
- 5) ознакомить Защищаемых с Правилами страхования;
- 6) обеспечить соблюдение Защищаемыми норм и правил регламентирующих внутреннюю деятельность медицинских учреждений и порядок оказания ими медицинских услуг;
- 7) осуществлять иные обязательства, предусмотренные настоящими Правилами и законодательством Республики Казахстан.

**4. Страхователь вправе:**

- 1) требовать от Страховщика разъяснений условий страхования, своих прав и обязанностей, предусмотренных Правилами страхования;
- 2) требовать своевременного осуществления страховой выплаты.
5. Защищаемый имеет право на сохранение в тайне медицинской информации.
6. Стороны имеют также другие права и несут другие обязанности, предусмотренные Правилами добровольного страхования трудовых иммигрантов на случай болезни АО «СК «Евразия».
7. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.
8. Страхователь, Защищаемый, Выгодоприобретатель не могут передавать права и обязанности по данному договору третьим лицам без письменного согласия Страховщика.
9. Страхователь подтверждает, что получил согласие Защищаемого(ых) на заключение данного Договора. Страхователь может менять Выгодоприобретателя и (или) Защищаемого(ых) без их согласия.
10. Страхователь соглашается с возможностью заключения настоящего Договора с использованием Страховщиком факсимильных средств (факсимиле) и/или электронного копирования подписи и/или печати и такой Договор признается Сторонами оригиналом.
11. При досрочном расторжении Договора по причине отказа Страхователя-физического лица от Договора, если это не связано с обстоятельствами указанными в пункте 13.3. Статьи 13 Правил страхования, в течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты его заключения Страховщик производит возврат Страхователю-физическому лицу полученную (полученные) страховую премию (страховые взносы) за вычетом части страховой премии (страховых взносов) пропорционально времени, в течение которого действовало страхование, и издержек, связанных с расторжением Договора, в размере 10 (десяти) процентов от полученной (полученных) страховой премии (страховых взносов).
12. При отказе Страхователя от Договора страхования, если это не связано с обстоятельствами, указанными в пунктах 13.3 – 13.4 Статьи 13 Правил страхования, уплаченная Страховщику страховая премия не подлежит возврату.
13. При досрочном прекращении Договора по любому основанию, если по данному Договору была осуществлена страховая выплата в любом размере – страховая премия и/или ее часть возврату не подлежит.